



Мемлекеттік қызметтің даму үдерісі талқыланды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана мемлекеттік қызмет хабы Басқарушы комитетінің төрағасы Әлихан Байменовті қабылдады. Кездесу барысында мемлекеттік қызмет саласындағы қазіргі үрдістер мен даму перспективалары талқыланды.

Президент Астана хабы мемлекеттік басқару жүйесін дамыту мәселелері бойынша сараптамалық тұрғыда маңызды қолдау көрсетіп отырғанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту, билік өкілеттіктерін орталықсыздандыру және мемлекеттік органдар қызметіне жобалық әдісті белсенді енгізу арқылы әкімшілік реформаны тиімді жүзеге асыру маңызды екенін айтты.

Сонымен қатар кездесуде қоғамды одан әрі ұйыстыру, атап айтқанда, заң

мен тәртіпті сақтау, кәсібилік және еңбек адамының ролін арттыру секілді мәселелер қарастырылды.

Бұдан бөлек, Әлихан Байменов Президентке Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының жұмысы туралы мәлімет берді. Мемлекет басшысы ұлттық ойынмызды елімізде және шетелде одан әрі дәріптеу керек екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев келесі жылы Қазақстанда өтетін Дүниежүзілік көшпелілер ойындарын жоғары деңгейде ұйымдастыру қажеттігіне назар аударды.

Сенімді жеңісімен құттықтады

Мемлекет басшысы Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті. Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Мирзиёевті Өзбекстан Республикасының Президенті сайлауындағы сенімді жеңісімен құттықтады.

Мемлекет басшысы дауыс беру қорытындысы елді орнықты дамытуға, оның тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған Өзбекстан Президенті ұстанымының жалпыхалықтық қолдауға не болғанын айқын көрсетеді деп атап өтті.

Әңгімелесу барысында Президент

қазақ-өзбек қатынастарын стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында одан әрі нығайтуға ниетті екенін растады. Мемлекеттер басшылары бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды нақты жүзеге асыру мәселелері жөнінде пікір алмасты және алдағы екіжақты іс-шаралар кестесін қарастырды.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін онлайн-платформаларға байланысты қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында онлайн-жарнаманы жасау, орналастыру, тарату және сақтау процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

(Жалғасы 4-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

(Жалғасы 5-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

(Жалғасы 5-бетте)

САРАПТАМА

Шағын бизнестің ауқымды мәселелері

Экономиканың тірегі – шағын және орта бизнес (ШОБ). Елімізде аталған саланың қарқынды дамып жатқаны туралы айтылған жылы пікірлер жетерлік. Ол жайында сан алуан цифрлар да мысалға ұсынылады. Алайда тереңіне үнілсек шешімін табуды күтіп, қордаланып жатқан түйткіл дәл осы салада өте-мөте көп. Басқасын былай қойғанда, 2017 жылы ашылған 38,8 мың шағын компанияның бес жылдан соң 31 мыңының жабылып қалуы – бізге байқалмайтын үлкен проблеманың бар екенін аңғартып тұр емес пе?

Абай АЙМАҒАМБЕТ, «Egemen Qazaqstan»

5 жылда 1,3 млн жас еңбек нарығына келеді

Jusan Analytics талдау орталығының ұйымдастыруымен ШОБ-тағы шимай-шатпақ проблемаға талдау жасап, аражігін ажыратып көруге тырысқан алқалы жиын өтті. Орталықтың басқарушы директоры Әнуар Қуандықовтың айтуынша, жұмыспен қамтудағы ШОБ рөлі өте жоғары, өйткені жаңадан ашылып жатқан жұмыс орындарының тең жартысынан астамын шағын және орта бизнес қамтамасыз етіп отыр.

«Біз 2017 жылы ашылған 38,8 мың шағын компанияның өмірлік жолына талдау жасадық. Сонда байқағанымыз – алғашқы жылдың өзінде 3,2 мың компания жабылған. Екінші жылы 2017 жылы ашылған компанияның 75 пайызы жұмысын тоқтатқан. Жалпы, бизнестің бесжылдық өмірінде 18 пайызға жуық компания ғана жұмысын жалғастырған. Әлемде бұл көрсеткіш 50 пайызды құрайды. ШОБ-тың дамуы экономиканың табысты және тұрақты дамуына мүмкіндік береді және қолжетімді жұмыс орындарын құрады.



Әлемде экономика субъектілерінің 95 пайызы – ШОБ субъектілері. ДЖӨ құрылымындағы үлесі шамамен 50 пайыздай», дейді.

Әсілінде, ашылған компанияның алғашқы 3-5 жылы өте маңызды екен. Себебі дәл осы мерзім аралығында кәсіпорын экономикаға тек сандық емес, сапалы дивиденд әкеле бастайтын көрінеді. Яғни жетілген компаниялар ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-

конструкторлық жобаларға, адами капиталға инвестиция салады, өнімділікті арттырады, сәйкесінше олардың экспорттық әлеуеті де артады.

Jusan Bank басқарма төрағасы Нұрәулет Айдосов еңбек нарығына жасалатын үлкен қысымды ШОБ-ты дамыту арқылы ғана тежей аламыз деген пікірде.

(Соңы 6-бетте)

КӨНЕ ТАРИХ КӨМБЕСІ

Қобда бойындағы ғұн қонысы

Ә.Марғұлан атындағы Археология институты мен Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі археологтері Қобда ауданындағы ғұндар қорымында қазба жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Баян ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

Боз даладағы қорған

Қорым Ақтөбе қаласынан 180 шақырым жердегі Қыыл

өзені бойында, Сырым Датұлы қозғалысын қолдаушылардың бірі Дербісәлі кесенесі жанында орналасқан. Біз облыстық-тарихи өлкетану музейі директорының орынбасары Дәурен Бекеевпен

бірге ғұндар қорғанында жұмыс істеп жатқан археологтермен жүздесіп қайттық.

Қазақ тарихындағы ақтаңдақ беттердің бірі – ғұндар кезеңі. Біздің заманымыздың ІІ ғасырында даламызға қоныс аударған жауынгер ғұн тайпалары туралы мағлұмат өте аз. Халықтардың ұлы қоныс аудару қозғалысын бастаған жауынгер тайпалар Еуропаға қарай барар

алдында қазақ жерінде екі жүз жыл аялдаған. Алайда даладағы ғұн қорғандарын арнайы мамандар болмаса, былайғы жұрт тани бермейді. Егер сармат тайпалары биік етіп қорғандар үйсе, ғұндар керісінше қорымдарын жер бетіне мұқият жасырған. Сол себепті боз даладан ғұн қорғанын табу өте қиын.

(Соңы 9-бетте)

ТОСЫН ТАБИҒАТ

Тағы да аптап ыстық...

Синоптиктердің болжамына сенсек, еліміздің басым бөлігінде 11-13 шілде күндері күн тағы да қатты ысыды. Алдағы тәуліктерде ел аумағы арқылы Батыс циклоны өтеді.

Жомарт ОСПАН, «Egemen Qazaqstan»

Елдің батысында, одан кейін солтүстігінде және орталығында найзағай ойнап, бұршақ жауып, екпінді жел соғады. Республиканың шығысында, оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында

антициклонның күшеюімен жауын-шашынсыз ауа райы сақталады. Осы кезеңде солтүстікте, орталықта, 11-12 шілдеде солтүстік-батыста, 12-13 шілдеде оңтүстікте, 13 шілдеде оңтүстік-шығыста 43 градусқа дейін өте қатты ыстық болады.

(Соңы 11-бетте)





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

- аккаунт – онлайн-платформаны пайдаланушының онлайн-платформада тіркелгеннен кейін жасалатын дербес парақшасы;
- демеушілік контент – онлайн-платформаны пайдаланушының өзі және (немесе) демеуші жасайтын аккаунтта орналастыру арқылы онлайн-платформаларды пайдаланушылар тарататын онлайн-платформалардағы контенттің бір түрі;
- жалған ақпарат – шындыққа сай келмейтін не қамтылған фактілер едәуір бұрмаланған, адамдар, заттар, оқиғалар, құбылыстар мен процестер туралы жалған түсінік қалыптастыратын, кез келген нысанда тіркелген ақпарат;
- жария қоғамдастық – онлайн-платформаны пайдаланушы онлайн-платформада тіркеген, онлайн-платформаларды пайдаланушылардың беймәлім саны үшін ақпарат орналастырылатын парақша;
- жария қоғамдастық модераторы – онлайн-платформаның меншік иесі және (немесе) оны пайдаланушы болып табылатын, онлайн-платформадағы контентті орналастыру және (немесе) жою, және (немесе) редакциялау құқығы берілген тұлға;
- инфлюенсер (блогер) – онлайн-платформада тұлғалардың беймәлім тобына арналған ақпаратты кәсіпкерлік қызмет мақсатында жариялайтын онлайн-платформаны пайдаланушы;
- лездік хабар алмасу сервисі – қаржылық көрсетілетін қызметтер ұсынуға және электрондық коммерцияға арналған бағдарламалық қамтылымды қоспағанда, телекоммуникация желілерін пайдалана отырып нақты уақыт режимінде лездік хабар алмасуға не оларды нақты айқындалған тұлғаға (тұлғаларға) беруге арналған және (немесе) онлайн-платформаны пайдаланушылар сол үшін қолданатын бағдарламалық қамтылым;
- онлайн-жарнама – онлайн-платформаларды пайдаланушылар және (немесе) онлайн-платформалардың меншік иелері таргеттелген жарнама және (немесе) демеушілік контент, және (немесе) өзге де ақпарат түрінде жасайтын және (немесе) орналастыратын, және (немесе) тарататын, және (немесе) сактайтын, тұлғалардың беймәлім тобына арналған онлайн-платформалардағы жарнама;
- онлайн-жарнаманы таратушы – онлайн-жарнаманы жасауды және (немесе) орналастыруды, және (немесе) таратуды жүзеге асыратын онлайн-платформаны пайдаланушы;
- онлайн-платформа – қаржылық көрсетілетін қызметтер ұсынуға және электрондық коммерцияға арналған интернет-ресурсты және (немесе) интернет желісінде жұмыс істейтін бағдарламалық қамтылымды, және (немесе) лездік хабар алмасу сервисін қоспағанда, онлайн-платформаны пайдаланушының өзі ашқан аккаунт, жария қоғамдастық арқылы онлайн-платформадағы контентті алуға, жасауға және (немесе) орналастыруға, және (немесе) таратуға, және (немесе) сақтауға арналған интернет-ресурс және (немесе) интернет желісінде жұмыс істейтін бағдарламалық қамтылым, және (немесе) лездік хабар алмасу сервисі;
- онлайн-платформадағы контент (бұдан әрі – контент) – онлайн-платформаны пайдаланушы белгілерді және (немесе) сигналдарды, және (немесе) дауыстық ақпаратты, және (немесе) жазбаша мәтінді, және (немесе) бейнені, және (немесе) дыбыстарды, және (немесе) аудиокөрсенік нысанды қабылдап алу және (немесе) тұлғалардың нақты айқындалған немесе беймәлім тобына беру арқылы алатын және (немесе) жасайтын, және (немесе) орналастыратын және (немесе) тарататын, және (немесе) сактайтын онлайн-платформадағы ақпарат;
- онлайн-платформаның меншік иесі – онлайн-платформаға меншік құқығын иеленетін жеке және (немесе) заңды тұлға;
- онлайн-платформаны ұсынымдық жүйесі – онлайн-платформа контентінің өз интерфейсіндегі басымдығын, сондай-ақ іздеу нәтижелерінің басымдығын айқындайтын толық немесе ішінара автоматтандырылған онлайн-платформа жүйесі;
- онлайн-платформаны пайдаланушы (бұдан әрі – пайдаланушы) – онлайн-платформада өзінің дербес деректерін тіркеген және (немесе) ұсынған, және (немесе) сәйкестендіруден өткен жеке және (немесе) заңды тұлға;
- профайлинг – пайдаланушылардың қалауын және (немесе) қызығушылықтарын айқындауға бағытталған алгоритмдер жиынтығы;
- таргеттелген онлайн-жарнама – профайлинг негізінде айқындалатын нысаналы топтарға арналған және пайдаланушыларды қамтуды ұлғайтуға және (немесе) оның басымдығын, оның ішінде онлайн-платформаның ұсынымдық жүйесін пайдалана отырып арттыруға бағытталған онлайн-жарнама;
- үкілетті орган – онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.
- 2-бап. Қазақстан Республикасының онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңнамасы
1. Қазақстан Республикасының онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.
2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасы аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына айқындалады.
3. Осы Заңның күші, егер басқа жеке және (немесе) заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделері және Қазақстан Республикасы заңдарының талаптары бұзылмайтын болса, лездік хабар алмасу сервистерін жеке басының және отбасының мұқтаждары үшін пайдалану кезінде пайдаланушылар арасында туындайтын қатынастарға қолданылмайды.
- 3-бап. Осы Заңның мексаттары мен міндеттері
1. Осы Заңның мақсаты онлайн-платформалардың жұмыс істеуінің, сондай-ақ онлайн-жарнаманы жасаудың, орналастырудың, таратудың және сақтаудың, құқыққа қайшы контентті болғызбаудың және оның жолын кесудің құқықтық негіздерін айқындау болып табылады.
2. Осы Заңның міндеттері мыналар болып табылады:
- 1) онлайн-платформалардың жұмыс істеуінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- 2) Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 3) құқыққа қайшы контентке жол бермеу;
- 4) онлайн-платформаларда балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шекте адамның және азаматтың дербес деректерін жинау және өңдеу кезінде оның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету.
- 4-бап. Осы Заңның қағидаттары
- Осы Заңның қағидаттары мыналар болып табылады:
- 1) адамның және азаматтың онлайн-платформаларда ақпаратты Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алу және тарату құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау;
- 2) онлайн-платформаларда сөз және шығармашылық еркіндігін қамтамасыз ету;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын пайдаланушылар туралы ақпаратты жинау, жинақтау және тарату кезінде заңдылықты қамтамасыз ету;
- 4) онлайн-платформаларда Қазақстан Республикасы азаматтарының мүдделерін мемлекеттік қорғауды қамтамасыз ету;
- 5) онлайн-платформалардың меншік иелері және оларды пайдаланушылар Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған жағдайда олардың құқықтарын шектеу.
- 5-бап. Онлайн-платформалардың тілі

- Онлайн-платформаның меншік иесі қазақ тілінде интерфейсті пайдалануға, сондай-ақ онлайн-платформаның пайдаланушы келісімімен, соның ішінде оның негізгі шарттарының қысқаша баяндауымен танысуға мүмкіндік жасайды.
- Онлайн-платформаның меншік иесі контенттің қазақ тілінде автоматты түрде аударылуына мүмкіндік жасайды.
- Онлайн-платформаның меншік иесі Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуына жол бермеу мақсатында контентті қазақ тілінде модерациялауды қамтамасыз етеді.

2-тауар. ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАЛАР ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ЖАРНАМА САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

- 6-бап. Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы мемлекеттік реттеу
- Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасының онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау арқылы жүзеге асырылады.
 - Қазақстан Республикасының онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды үкілетті орган Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.
 - Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектілеріне бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаты болып табылады.
 - Онлайн-платформалардың жұмыс істеуі, онлайн-жарнаманы жасау, орналастыру, тарату бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау объектісі болып табылады.
 - Жария қоғамдастықтардың модераторлары, онлайн-жарнаманы таратушылар бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау субъектілері болып табылады.
 - Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған кезде бұзушылықтарды жою туралы ұсыным бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде ресімделіп, жіберіледі.
 - Бұзушылықтарды жою туралы ұсыным бақылау субъектісіне қолын қойғызып, жеке өзіне немесе бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуі тиіс.
 - Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген бұзушылықтарды жою туралы ұсыным мынадай жағдайларда:
 - 1) қолма-қол – бұзушылықтарды жою туралы ұсынымда оны алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;
 - 2) поштамен – пошта жөнелтілімін тапсырысты хатпен алғаны туралы хабарлар етілген күннен бастап;
 - 3) электрондық тәсілмен – сұрау салынған кезде бақылау субъектісінің хатта көрсетілген электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.
 7. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап үш жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.
 8. Бақылау субъектісі бұзушылықтарды жою туралы ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды жіберген уәкілетті органға бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарсылығын жіберуге құқылы.
 9. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау тоқсанына бір реттен жиілетілі жүргізіледі.
 - 7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы құзыреті Қазақстан Республикасының Үкіметі:
 - 1) онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;
 - 2) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындайды.
 - 8-бап. Үкілетті органның құзыреті
 - Үкілетті орган:
 - 1) онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;
 - 2) өз құзыреті шегінде онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;
 - 3) орталық және жергілікті атқарушы органдардың онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы қызметін үйлестіреді;
 - 4) онлайн-платформаларға мониторингті жүзеге асырады;
 - 5) Қазақстан Республикасының онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңнамасының талаптарын бұзу анықталған кезде нұсқамалар береді;
 - 6) онлайн-платформаның меншік иесінен және (немесе) заңды өкілінен бір тәулікте пайдаланушылар саны туралы ақпаратты сұратады;
 - 7) онлайн-платформада пайдаланушылар санын айқындау функциясы болмаған жағдайда пайдаланушылар санын айқындайды;
 - 8) онлайн-платформалардың меншік иелерінен және (немесе) заңды өкілдерінен сот актілері, Қазақстан Республикасының құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарының сұрау салуы негізінде пайдаланушылар туралы мәліметтерді сұратады;
 - 9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тауар. ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАЛАРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖІМІ

- 9-бап. Онлайн-платформалардың Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істеуінің құқықтық режимі
- Онлайн-платформаларға бір ай ішіндегі орташа тәуліктік қолжетімділігі Қазақстан Республикасының аумағындағы бір жүз мыңнан астам пайдаланушыны құрайтын онлайн-платформалардың меншік иелері және (немесе) өзге де заңды өкілдері Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген талаптарға сәйкес уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі өзінің заңды өкілін тағайындайды.
 - Осы тармақтың бірінші бөлігі хабар алмасу жөніндегі корпоратившілік сервистердің, электрондық пошта қызметтерінің функцияларын жүзеге асыратын лездік хабар алмасу сервистеріне қолданылмайды.
 - Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының аумағындағы онлайн-платформалардың заңды өкілдерінің тізілімін өзі айқындаған тәртіппен жүргізеді.
 - Онлайн-платформалардың мынадай функциялары болуға тиіс:
 - 1) Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланушылар санын айқындау;
 - 2) осы Заңның 11-бабында белгіленген пайдаланушылардың шағым беруі және оның алынғандығын автоматты түрде растау.

- Онлайн-платформаның интерфейсі шешім қабылдауда пайдаланушыны жаңылтырмауға немесе оған өзгедей түрде кедергі келтірмеуге тиіс.
- Онлайн-платформалардың меншік иелері және (немесе) заңды өкілдері:
- 1) құқыққа қайшы контенттің Қазақстан Республикасының аумағында таралуына қарсы іс-қимыл шараларын қабылдауға;
- 2) уәкілетті органның сұрау салуын алғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде оны қарауға;
- 3) заңды күшіне енген сот актілерінің орындалуын қамтамасыз етуге;
- 4) мемлекеттік органдардың нұсқамалары, ұсынымдары, хабарламалары, шешімдері бойынша «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-бабында белгіленген шараларды қабылдай отырып, оларды қабылдап алуды, қарауды қамтамасыз етуге;
- 5) адамның және азаматтың өміріне немесе қауіпсіздігіне қатер төндіретін құқыққа қайшы контент анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарын дереу хабарлар етуге;
- 6) уәкілетті органға құқыққа қайшы контентке қарсы іс-қимыл шаралары туралы ақпарат беруге;
- 7) онлайн-платформа жұмыс істеген соңғы алты айда Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланушылардың орташа статистикалық ай сайынғы саны туралы ақпаратты ашық қолжетімді етіп орналастыруға;
- 8) көмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдауға;
- 9) сот актілері, Қазақстан Республикасының құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарының сұрау салуы негізінде уәкілетті орган сұрататын пайдаланушылар туралы мәліметтерді ұсынуға;
- 10) уәкілетті органның нұсқамасы негізінде Қазақстан Республикасының аумағында құқыққа қайшы контенттің, балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпаратты орналастыратын және тарататын аккаунттар қызметін тоқтата тұруға міндетті.
- 10-бап. Онлайн-платформалардағы дербес деректерді қорғау ерекшеліктері
- Онлайн-платформаның меншік иесі және (немесе) заңды өкілі онлайн-платформадағы дербес деректерді қорғау мақсатында:
- 1) пайдаланушыларды тіркеу аяқталғанға дейін оларды онлайн-платформаның құпиялылық саясатымен таныстырады;
- 2) дербес деректердің тұтастығын, сақталуын және құпиялылығын сақтауды қамтамасыз етеді;
- 3) пайдаланушының немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз дербес деректердің таралуына жол бермейді;
- 4) пайдаланушының дербес деректерінің құпиялылығы бұзылған жағдайда оны дереу хабарлар етеді;
- 5) «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де міндеттерді орындайды.
- 11-бап. Пайдаланушылардың шағым беруі және оны өңдеу
1. Пайдаланушының онлайн-платформаны меншік иесіне контентке, интерфейске, басқа пайдаланушыларға, онлайн-платформаның әрекеттеріне шағым беруге құқылы.
2. Пайдаланушының шағым беру тәтігі мен қағидаларын онлайн-платформаның меншік иесі айқындайды. Шағым беру тәтігі пайдаланушы үшін қолжетімді болуға және шағымның мазмұнын сипаттау мүмкіндігін көздеуге тиіс.
3. Онлайн-платформаның меншік иесі шағыммен жүтінген пайдаланушыға шағым алынған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде уәжді жауап беруге міндетті.
- 12-бап. Онлайн-платформаның ұсынымдық жүйесі
1. Онлайн-платформаның ұсынымдық жүйесінде пайдаланылатын параметрлер онлайн-платформаның пайдаланушы келісімінде сипатталуға тиіс.
2. Онлайн-платформаның ұсынымдық жүйесі пайдаланушыға профайлингті пайдаланбай контентті алу мүмкіндігін беруге тиіс.
- 13-бап. Контентті модерациялау
1. Онлайн-платформаның меншік иесі:
- 1) контентті модерациялау жүйелерін;
- 2) жасанды интеллект алгоритмдерін;
- 3) онлайн-платформада көмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді;
- 4) құқыққа қайшы контенттің Қазақстан Республикасының аумағында орналастырылуына және таралуына қарсы іс-қимылды;
- 5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасауды жетілдіру жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.
2. Онлайн-платформаның меншік иесі мынадай:
- 1) анықталған жүйелік тәуекелдер;
- 2) анықталған жүйелік тәуекелдерді азайту жөнінде қабылданған шаралар;
- 3) автоматтандырылған модерациялау жүйелері жойған құқыққа қайшы контентті, уәкілетті органның келіп түскен нұсқамаларының, пайдаланушылар шағымдарының санын және олар бойынша қабылданған шешімдерді көрсете отырып, контентті модерациялау туралы ақпаратты қамтитын есепті жыл сайын орналастырады.
- 14-бап. Ақпаратты құқыққа қайшы контентке жатқызу негіздері, құқыққа қайшы контентті орналастыруды және таратуды тоқтата тұру, тоқтату
1. Қазақстан Республикасының аумағындағы онлайн-платформаларда құқыққа қайшы контентті орналастыруға және таратуға тыйым салынады.
- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды, суицидті, порнографияны, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді және прекурсорларды, сепаратист идеяларын, алаяқтықты, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын ақпаратты үндеу, насихаттау немесе үгіттеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттілігіне және аумақтық тұтастығына күмән келтіретін мәлімдемелер, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны ашатын ақпарат және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған өзге де ақпарат құқыққа қайшы контент болып табылады.
2. Құқыққа қайшы контентті орналастыруды және таратуды тоқтата тұру, тоқтату «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-бабына сәйкес жүзеге асырылады.
3. Онлайн-платформаның меншік иесі және (немесе) заңды өкілі уәкілетті органның нұсқамасын алғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпаратты жою жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.
- 15-бап. Жалған ақпаратты жою
1. Жалған ақпарат өзіне қатысты таратылған тұлға онлайн-платформаның меншік иесіне жалған ақпаратты жою туралы талаппен жүгінуге құқылы.
2. Онлайн-платформаның меншік иесі жалған ақпаратты жоюдан бас тартқан жағдайда тұлға сотқа жүгінуге құқылы.

4-тауар. ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 16-бап. Пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері
- Пайдаланушылардың Қазақстан Республикасы аумағында:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен контентті алуға, жасауға, орналастыруға, таратуға;
 - 2) онлайн-платформаларда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еркін пікір білдіруге;
 - 3) өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібімен қорғауға;
 - 4) аккаунт, жария қоғамдастық ашуға;

- онлайн-платформаның меншік иесіне немесе оның заңды өкіліне өздерінің Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы туралы талаппен жүгінуге;
 - егер онлайн-платформалар ұсынатын өнімдер өз нанымдарына қайшы келсе, олардан бас тартуға;
 - қызықтырмайтын контенттің көрсетілуін шектеуге құқығы бар.
 - Пайдаланушылар:
 - 1) Қазақстан Республикасының онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңнамасын сақтауға;
 - 2) орналастырылатын, таратылатын контенттің анықтығын тексеруге;
 - 3) жалған ақпаратты орналастырмауға, таратпауға;
 - 4) құқыққа қайшы контентті орналастырмауға, таратпауға;
 - 5) жалған ақпарат, құқыққа қайшы контент орналастырылған, таратылған жағдайда оларды жоюға;
 - ерікті қайырмалдықтарды жинаған кезде Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылжыстауға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.
 - 17-бап. Онлайн-серсерлердің (блогерлердің) құқықтары мен міндеттері
 1. Инфлюенсердің (блогердің) осы Заңның 16-бабында белгіленген құқықтары болады және міндеттерді атқарды.
 2. Инфлюенсер (блогер) өзінің кәсіпкерлік қызметін Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.
 - 18-бап. Бейнеленетін адамды орналастыру және тарату
 1. Пайдаланушыларға контентті орналастырған және таратқан кезде мынадай жағдайларда:
 - 1) егер осы адам ойын-сауық, мәдени-бұқаралық, мәдениет саласында әлеуметтік маңызы бар, спорттық-бұқаралық іс-шараларда, бейбіт жиналыстарда және өзге де жария іс-шараларда болса немесе оларға қатысса;
 - 2) егер контентте адамның бейнесі және осы адамның қызметтік жұмысына және (немесе) жария қызметіне байланысты мәліметтер қамтылса, сондай-ақ оны адамның өзі, оның заңды өкілі немесе уәкілетті тұлға қолжетімділігі шектелмеген дереккөздерде орналастырса, таратса;
 - 3) егер бейнеленетін адамды пайдалану конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында жүзеге асырылатын болса, бейнеленетін адамның келісімі талап етілмейді.
 2. Бейнеленетін адамды пайдалана отырып, контентті орналастыру, тарату Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 145-бабында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.
- 5-тауар. ОНЛАЙН-ЖАРНАМАНЫ РЕТТЕУ
- 19-бап. Онлайн-жарнамаға қойылатын талаптар
- Онлайн-жарнама сәйкестендірілетін болуға және таңбалуға тиіс.
 - Онлайн-жарнама уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен таңбаланады.
 - Онлайн-жарнаманы орналастыру және тарату «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.
 - 20-бап. Таргеттелген онлайн-жарнама
 1. Онлайн-платформа пайдаланушыларды мәтіндік және (немесе) графикалық, және (немесе) өзге де белгілемелердің көмегімен таргеттелген онлайн-жарнаманы сәйкестендіру мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.
 2. Таргеттелген онлайн-жарнама:
 - 1) контент онлайн-жарнама болып табылатынын көрсететін мәтіндік және (немесе) графикалық, және (немесе) өзге де белгілемелерді қамтуға;
 - 2) Демеушілік контент:
 - 1) жеке немесе заңды тұлғалардың беделін түсірмеуге, олардың тауарларын, жұмыстарын, көрсететін қызметтерін кемсітпеуге;
 - 2) үшінші тұлғалардың алдын ала келісімінсіз олардың пікірлерін және (немесе) аудиозабысын, және (немесе) фото- және бейнекеңсіндерін қамтымауға тиіс.
 3. Егер демеушілік контентте ұсынымдар, пікірлер және растайтын құжаттар болса, онда олар шынайы және тексеруге келетін болуға тиіс.
 - 22-бап. Онлайн-жарнаманы сәйкестендіру және сақтау
 1. Онлайн-платформалар пайдаланушыларды мәтіндік және (немесе) графикалық және (немесе), өзге де белгілемелердің көмегімен онлайн-жарнаманы сәйкестендірудің техникалық мүмкіндігімен қамтамасыз етуге тиіс.
 2. Онлайн-платформаның онлайн-жарнама, оның ішінде таргеттелген онлайн-жарнама туралы ақпаратты қамтитын қауіпсіз сақтау орны болуға тиіс. Бұл ақпарат онлайн-жарнама соңғы рет орналастырылғаннан, таратылғаннан кейін бір жыл бойы сақталуға тиіс.
 - Сақтау орны өз араларында онлайн-жарнама таратылған немесе таратылуы мүмкін пайдаланушылардың дербес деректерін қамтымауға тиіс.
- 6-тауар. ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАЛАР ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ЖАРНАМА САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ
- 23-бап. Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы халықаралық ынтымақтастық
- Қазақстан Республикасының онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
 - Мемлекеттік органдар уәкілетті органмен келісу бойынша шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы өзара іс-қимылды жүзеге асырады.
- 7-тауар. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР
- 24-бап. Қазақстан Республикасының онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық
- Қазақстан Республикасының онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.
- Онлайн-платформалардың меншік иелері және (немесе) заңды өкілдері онлайн-платформаның қызметін Қазақстан Республикасының аумағында осы Заңның 9-бабында белгіленген талаптарды сақтамай жүзеге асырған жағдайда, уәкілетті орган олардың Қазақстан Республикасының аумағындағы қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шектеуге құқылы.
- 25-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі
- Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ. ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 10 шілде
№ 18-VIII ҚРЗ

